В.В. МАЯКОВСКИЙ

# МӘЖІЛІСҚОРЛАР

Түн ауысып,
Таңға айналса болды тек,
Күнді көрем:
Жөңкілген жұрт лек те-лек,—
Басқармаға,
Комитетке,
Полит пенен
Просветке
Ағылған жұрт қызметке.
Кеңсесіне кірісімен қызметкер,—
Жауды жаңбыр — жауды қағаз бір
Елуінен ерек алып біразын, нөсер.
Мәжіліске енді қайқаяды сабазың.
Келдің дедің:
«Бағы күннен жүр едім,
Аудиенция алмақ еді тілегім».
– Иван Иваныч мәжіліс кетті тағы да –
Тео-Гукон Бірлестігі жағына. –
Жүз баспалдақ тоздырдың сен,
Мең-зеңсін...
Келдің тағы:
– Бір сағаттан соң келсін,
Деді сізге,
Мәжілісте отыр, тез келмек,
Сия сатып алмақ екен
Губкооператив бір шөлмек.
Сағаттан соң
Хатшылардың бірі жоқ,
Кеңседе жан—тірі жоқ.
22 жасқа дейін барлығы
Комсомолдың мәжілісінде дағдылы.
Тағы өрледім,—
Түнге көзім түсті де,—
Жеті қабат үйдің дәл ең үстіне.
«Иван Ваныч келді ме екен?» –
Жоқ онда!
– Мәжілісте отыр,
А-бе-ве-де-же-комда.

Лағынет айтып,
Ызам әбден асқындап,
Кіріп бардым
Сол мәжіліске тасқындап.
О, ғаламат!
Қарай бердім оқшиып.
Отыр өңшең
Жарты адамдар мықшиып.
Қайда жарты денелері бұлардың.
«Жарып кеткен!
Ойбай қайтып шыдармын!»
Бұл сұмдықтан есім кетті, тап шыным.
Кенет
Баяу
Үні естілді хатшының:
Бұлар бірден
Екі мәжіліс үстінде,
Жиырма мәжіліс өткіземіз бір күнде,
Қақ бөлінбес еш айла жоқ, танданба,
Кеуде мұнда,
Басқа жағы қалды анда.
Ыза деген ұйықтатпайды.
Таң сәрі.
Таңмен бірге ойладым әр нәрсені,
«0, шіркін-ай,
Тағы бір мәжіліс өтсе екен,
Бар мәжілісті сол құртып бір кетсе екен»